

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ БОЙЫНША ҮЙ
ТӘРБИЕШІЛЕРІНЕ (ӘЛЕУМЕТТІК БАЛА КҮТУШІЛЕРГЕ) АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ДЛЯ ДОМАШНЕГО ВОСПИТАТЕЛЯ (СОЦИАЛЬНОЙ НЯНИ)
ПО СОПРОВОЖДЕНИЮ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген*

Мектеп жасына дейінгі балаларды қолдау бойынша үй тәрбиешілеріне (әлеуметтік бала күтушілерге) арналған әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан, 2022 ж. – 33 бет.

Пікір жазғандар:

Б.О. Арзанбаева п.ғ.к.;
А.Ж. Нуркабылова меңгеруші;
А. Б. Мажитова әдіскер.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қолдау бойынша үй тәрбиешілеріне (әлеуметтік бала күтушілерге) арналған әдістемелік ұсынымдар үй тәрбиешісі (әлеуметтік бала күтуші) ретінде жұмыс істеуді қалайтын 18 жастан бастап зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін әйелдер қауымы үшін әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен үй тәрбиешілеріне (әлеуметтік бала күтушілерге) арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде каралып, ұсынылған (2022 жылғы 26 мамырдағы №5 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі қалыптасқан экономикалық жағдайда мектеп жасына дейінгі балалары бар көптеген отбасында ата-аналарының екеуі де жұмыс істейді. Бұл көбінесе отбасының материалдық мәселелерімен байланысты.

Мұндай жағдайда отбасы мәселелерін шешудің шынайы тәсілі тәрбиемен айналысатын маңызды ересектер ортасын кеңейту болып табылады. Бұлардың қатарына әжелер мен аталардан, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен басқа үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтушілер) енеді.

Бүгінгі күні елде мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балаларға үй жағдайларында күтім жасау және дамыту бойынша үй тәрбиешілері институтын (әлеуметтік бала күтушілер) енгізу жоспарланып отыр.

Үй тәрбиешілері институты ата-аналарға «әлеуметтік бала күтуші» қызметін пайдалануға мүмкіндік береді, ол тек баланың әдеттегі күн тәртібін ұйымдастырып қана қоймай, сондай-ақ онымен қарым-қатынас жасайды, бос уақытын қамтамасыз етеді (баламен бірге серуендейді), балаға жайлы жағдайлар жасайды, көңіл-күйін көтереді және денсаулығына қамқорлық көрсетеді.

Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтуші) мамандығы міндеттерінің бірі - бала күтімі бойынша білікті көмекке мұқтаж отбасындағы мектеп жасына дейінгі балаларға қамқорлық жасау болып табылады.

«Әлеуметтік бала күтуші» мамандығы мектепке дейінгі ұйымның штатында орналастырылатын болады және үй тәрбиешісі қызметін алуда халықтың сұранысы ескеріліп, осы қызметті қажет ететін отбасыларға беріледі.

Балаларға қысқа мерзімде қарау белгілі бір уақыт аралығында ата-аналарға қолдау көрсетуге, қандай да бір мәселелерді шешуге мүмкіндік береді (емханаға, дүкенге, дәріханаға бару және т.б.).

Ата-аналар (жалдаушылар) тарапынан «әлеуметтік бала күтушінің» кәсіби дайындығына, психикалық жағдайына, кәсіби дағдыларына, жеке басының сапаларына жоғары талаптар қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік бала күтуші әртүрлі жастағы балалармен (бір отбасында әртүрлі жастағы балалар болуы мүмкін) жұмыс істей білуі және балалар психологиясының ерекшеліктерін білуі тиіс. Әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істеу үшін дағдыларының қажеттілігіне байланысты әлеуметтік бала күтушілер оқытылуы және жақсы дайындықтан өтуі қажет.

Әдістемелік ұсынымдардың **мақсаты**: мектеп жасына дейінгі балаларды қолдау бойынша үй тәрбиешілеріне (әлеуметтік бала күтушілерге) әдістемелік көмек көрсету.

МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ

«Әлеуметтік бала күтуші» мамандығының ерекшеліктері - аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасыларға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға мектеп жасына дейінгі балаларды қарауға көмек көрсету. Балаға күтім жасау олардың өсуі мен дамуы үшін қажетті жағдай болып табылады.

«Әлеуметтік бала күтуші» мамандығын кез келген жастағы адам меңгере алады, ол 18 жастан бастап зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін қылмыстық құқық бұзушылықтары жоқ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті медициналық тексеруден өткен әйелдер болуы мүмкін. Бір әлеуметтік бала күтуші 1-5 баланы қарай алады.

Әлеуметтік бала күтушінің негізгі міндеті - мектеп жасына дейінгі балаларды үйде, яғни отбасында күніне 4 сағат қарау (күтім жасау). Ол баланың ақыл-ойы мен физикалық тұрғыдан дамуына ықпал етеді, адамгершілікке және әлеуметтік дағдыларға баули отырып, оның тәлімгеріне айналады.

Әлеуметтік бала күтушінің міндеті - балаға қауіпсіз жағдай жасау, ата-аналары болмаған кезде қамқорлық көрсету.

Әлеуметтік бала күтушілердің бойында мынадай адамгершілік қасиеттер болуы тиіс: балаларды жақсы көру, кәсіби жауапкершілік, адалдық, ұқыптылық, жылдам әрекет ете білу, сыпайылық, әдептілік, шыдамдылық, сабырлық, нәзіктік, сонымен қатар балалармен және олардың отбасыларымен тез тіл табысу, оларды қолдау, балалармен бірге болған уақыт ішінде оларды пайдалы әрекетпен шұғылдандыру.

Әлеуметтік бала күтуші мейірімділік танытуы, балалар мен ата-аналарға ұнауға тырысуы, жауапкершілігі мол және тиянақты болуы керек.

«Әлеуметтік бала күтуші» болу үшін педагогикалық білімнің болуы міндетті емес, балаға анасы сияқты мейірімділік таныту, көңіл бөлу маңызды болып табылады. Алайда, сертификат алу үшін оқыту курсынан өту керек. Әлеуметтік күтушінің қызметін көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылардың, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың аналары пайдалана алады.

Әлеуметтік бала күтуші отбасының көмекшісі және ол баланың назарын өзіне аударуда бәсекелес емес екенін ата – аналар есте ұстауы керек.

Әлеуметтік бала күтуші балалармен ғана емес, сондай-ақ олардың ата-аналарымен, жалпы отбасымен жұмыс істей білуі керек, баланың тұлғасын дамыту үшін барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ БОЙЫНША ҮЙ ТӘРБИЕШІЛЕРІНЕ (ӘЛЕУМЕТТІК БАЛА КҮТУШІЛЕРГЕ) ҰСЫНЫМДАР

«Әлеуметтік бала күтуші» мамандығы мектепке дейінгі ұйымның штатында орналастырылатын болады, шартқа сәйкес олар осы қызметке сұраныс білдірген отбасыларға жіберіледі. Бір отбасына барудың мөлшерлі уақыты - 4 сағат.

Ата-аналары болмаған кезде әлеуметтік бала күтуші:

- балалармен ойнауы;
- оларды тамақтандыруы;
- серуендеуге шығаруы мүмкін.

Алайда, ол азық-түлік алуға, үйді жинауға, заттарды жууға, яғни әлеуметтік қызметкердің функцияларын орындауға міндетті емес. Әлеуметтік бала күтушіге балаларды қысқа мерзімде қарау үшін қажетті заттардың барлығын (балалар тағамы және т.б.) ата-аналар алдын-ала дайындауы керек.

Әлеуметтік күтушінің жұмысқа қысқа белдемше (көйлек) немесе кеуде тұсы және иығы мен арқасы өте ашық жейде (көйлек) киюіне болмайды. Баламен әртүрлі әрекеттер орындаған кезде жайлы болуы үшін өзімен бірге ауыстыратын киім мен жеңіл аяқ киім алып жүру ұсынылады. Тым ашық түсті ерін далабы мен бояуларды және т. б. пайдалануға болмайды.

Үй тәрбиешілерінің (әлеуметтік бала күтушілер) міндеті – балаға қамқор болу, оның жақсы адам болып өсуіне септігін тигізу.

Әлеуметтік бала күтуші баланың есінде сабырлы және ақжарқын мінезімен қалуы тиіс. Алғаш рет отбасына барғанда өте белсенді болудың қажеті жоқ. Үй тәрбиешісінің міндеті – баланы жалықтырмау, оған жаңа досының жанында өзін сенімді сезінуге мүмкіндік беру. Отбасымен толық танысу үшін тек баламен ғана сөйлеспей, оның анасымен немесе әкесімен де әңгімелесіп, отбасылық құндылықтар, дағдылар, салт-дәстүрлер туралы білген дұрыс. Бір сөзбен айтқанда, отбасын сырттай бақылап, оның бір бөлігіне айналу.

Алғашқы кездесу әлеуметтік бала күтушіге деген сенімді қалыптастыруда үлкен рөл атқарады, балалар сезімтал және көңілшек болып келеді, сондықтан үй тәрбиешілеріне неғұрлым өзін байсалды ұстау, оқыс қимылдар жасамау және арақашықтықты сақтау ұсынылады.

Үй тәрбиешілерінің (әлеуметтік бала күтуші) кәсіби сапалары:

- өзіне деген сенімділік. Әлеуметтік бала күтуші баламен сөйлескенде өзін сенімді ұстауы керек. Балалар ересектердің абыржып, сенімсіздік танытқанын сезеді. Осындай жағдайда олар еркелеп, қыңырлық көрсетеді, ал кейде сөйлеспей қояды;

- жауапкершілік. Әлеуметтік бала күтуші өзінің қамқорлығындағы баланың өміріне жауапты екенін білуі керек. Баламен бірге болған уақыт ішінде оның физикалық, психикалық және моральдық денсаулығына жауап береді. Ата-аналары болмаған кезде тәрбиеші балаға үлгі болып табылады және бала оның әрекеттеріне еліктейді;

- шыдамдылық. Әлеуметтік бала күтуші сабырлылық сақтауы тиіс, бала еркелеген жағдайда дауысын көтермеуі және зорлық-зомбылық (қол көтермеу) көрсетпеуі керек;

- тапқырлық. Шиеленіскен жағдай туындаған кезде жылдам және тиімді әрекет ету, балалар арасындағы жанжалды тоқтату немесе серуен кезінде жылаған баланы тыныштандыру;

- әдептілік. Әлеуметтік күтушіге отбасылық мәселелерге араласуға болмайды.

Әрбір әлеуметтік бала күтуші адал, әдепті және ұқыпты болуы қажет. Үй тәрбиешісі баланың анасын алмастыра алмайды, бірақ қажет болса бұл міндетті толық орындауға қабілетті болуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүргізу кезінде әлеуметтік бала күтуші:

- балалармен бірге болған уақыт ішінде олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, оларға күтім жасауды (киіндіру, шешіндіру, жуындыру, тамақтандыру, серуенге шығару және т. б.) жүзеге асыруды қамтамасыз етуі;

- баламен ортақ тіл табысуы;

- жас ерекшелік психологиясын білуі;

- балалардың әрекетін басқаруы (ойын, қимыл және т. б.);

- жеке гигиенаның қарапайым ережелерін сақтауы тиіс.

Баламен қалай қарым-қатынас жасау керек.

Әлеуметтік бала күтуші мен балалардың арасындағы қарым-қатынас әр жағдайда түрліше құрылады.

Әлеуметтік бала күтуші ата-аналардан баланың мінез-құлқы, нені жақсы көретіні, қандай кітаптарды ұнататыны, сүйікті тағамдары және т.б., қандай жағдайда оның ренжитіні, неге қуанатыны туралы алдын ала сұрастырғаны абзал. Кейбір балалар құшақтағанды жақсы көреді, ал біреулері ұнатпайды.

Сондықтан, бала өзін үнемі құшақтап, сүйетін адаммен өзін жайсыз сезінеді. Тәттіні де балаға шамадан тыс беруге болмайды.

Алғашқы танысу күнінде баладан оң көзқарас күтудің қажеті жоқ. Бұл кезең сенімді қарым-қатынас жасау үшін әлі ерте болып келеді. Алғашқы күндері баланы бірден жақын тартудан ол үрейленуі мүмкін, асығыстық танытпай, баланың бойында біртіндеп сенімділік тудыру қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық жас ерекшеліктері.

2-3 жастағы бала өте эмоционалды болады, бірақ оның эмоциялары тұрақты емес, баланың көңілін табу және оны бір эмоционалды күйден басқасына ауыстыру оңай. Бұл жастағы балалар ересектің өзіне жеке көңіл бөлгенін, жеке қарым-қатынас жасағанын қажет етеді.

Осы жастағы баланың ойлауы көрнекі - әрекеттік сипатта болады. Бұл қоршаған әлемді тану шынайы заттармен әрекет ету процесінде жүретінін, ойынның жетекші түрі – заттармен әрекет ету екенін білдіреді. Кішкентай зерттеушілердің қоршаған әлемді тануға және зерттеуге деген ұмтылысына қолдау көрсету өте маңызды. Әлеуметтік бала күтуші қызықты дамытушы ортаны ұйымдастыруы және балалардың әрекетіне уақыт пен еркіндік беруі қажет.

3-4 жастағы балаларда еріксіз мінез-құлық (зейін, есте сақтау, ойлау, сондай-ақ қимылдар жасау) және эмоционалды жайлы жағдайға деген қажеттілік сақталады.

3-4 жастағы балалармен өзара қарым-қатынас жасау олардың үш жастағы дағдарыстан өтуіне, яғни «Мен өзім!» ерік-жігерінің қалыптасуына байланысты қиындық тудырады. Осы кезеңде егер баланың өзіне немесе өзге балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмесе әлеуметтік бала күтушілерге баланың әрбір

«Мен қалаймын» және «Мен істеймін» деген барлық қалауларын іске асыруға мүмкіндік беру ұсынылады.

3 жастан асқан балалардың ойлауы көрнекі-бейнелі сипатта болады. Бұл баланың заттармен әрекет етуімен қатар бейнелерді есте сақтауға қабілетті екенін білдіреді. Сондай-ақ, оның танымдық әрекетінің саласы шынайы, заттық және тікелей қоршаған әлемге бағытталады. Ол осы кезеңде өзінің көргенін тани алады.

Бес жаста балалардың эмоциялары тұрақты бола бастайды, олар қыңырлық танытпай, неғұрлым сабырлы болады. Бұл жаста балалар ақпаратты жеңіл қабылдайды және есте сақтайды. Ойлау көрнекі-бейнелі сипатқа ие.

Шамамен 5 жаста баланың дамуында ауқымды өгерістер болады.

Осы жастағы балалардың ерекшеліктері – олар өзінің мінез-құлқын еркін басқара алады, сондай-ақ зейін мен есте сақтау процестері жетіледі, қиялдың дамуы маңызды болып табылады.

Осы жастағы балалармен жұмыс жүргізгенде әлеуметтік бала күтушіге өнімді әрекет, қызықты, проблемалық немесе дамытушы тәжірибелерді ұйымдастыру ұсынылады.

Балаларды күтіп-бағу, оларға өзіне-өзі қызмет етуге көмек көрсету

Әр жас кезеңінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар.

1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың дербестікке деген ұмтылысын қолдау қажет. Осы жастағы балаларға тамақ ішер алдында және ластанған кезде қолдарын жууды үйрету. 1 жастан асқанда қою тағамды қасықпен, ал 1,6 айдан кейін сорпаны ішуді, майлықты қолдануды үйрету.

1 жас 7 айда баланы ересектің көмегімен шешінуге үйрету керек (бас киім, аяқ киім, шалбар).

2 жасқа қарай ересектің бақылауымен әрекеттерді орындау: киім мен аяқ киімді белгілі бір тәртіппен шешу, кию. Ересектің көмегімен қол орамалды қолдану, киімін ретке келтіру, шашты тарау, киімді белгілі бір ретпен ұқыпты бүктеу, аяқ киімді орнына қою. Заттарды ұқыпты ұстауға үйрету. Бөлмедегі тәртіпке және заттардың қолданылуына назар аударту.

Бұл жаста өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру әрекетті түсіндіре отырып, тікелей көрсету арқылы жүреді. Мысалы, әлеуметтік бала күтуші қолды жууды үйрете отырып, өзі киімінің жеңдерін түріп, қолдарын сабындайды, сабынды жуады, қолдарын сүртеді, содан кейін балалардан өзі көрсеткен барлық әрекеттерді реттілікпен қайталауды сұрайды.

2 жастан бастап балалар ересектің көмегімен белгілі бір ретпен шешінуді үйренеді.

3 жастағы балаларды белгілі бір ретпен өз бетінше киінуге және шешінуге дағдыландыру қажет. Ұқыптылыққа, киімдегі олқылықты байқай білуге және оны ересектердің көмегімен ретке келтіруге баулу. Бұл дағдыларды қалыптастыруға ойын тәсілдері ықпал етеді, ойын арқылы ересектер балаға әрекеттерді көрсетеді. Баланың жетістіктеріне оң баға беру оларға қуаныш сыйлайды, өзіне деген сенімділікті тудырады. Бұл әсіресе ұялшақ, жасқаншақ балалармен қарым-қатынас жасауда өте маңызды.

4 жастағы балалардың өз бетінше киіну және шешіну дағдыларын жетілдіру қажет. Киімді ұқыпты бүктеуді, ілуді, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруді, әрдайым ұқыпты және таза жүруді үйрету керек. Сонымен қатар, жұмыс орнын өз

бетінше дайындау және оны жұмыс аяқталғаннан кейін жинау (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру: банкаларды, щеткаларды жуу, үстелді сұрту және т.б.).

5 жастағы балаларды тістерін дұрыс тазалау, жуыну, қажет болған жағдайда қолдарын жууға дағдыландыру. Киіну және шешіну, киімді шкафқа ұқыпты бүктеп, салу, дымқыл заттарды кептіру, аяқ киімді тазалау (жуу, сұрту, орнына жинау) дағдыларын жетілдіруді жалғастыру,

Осы жас кезеңінде өзінің жеке заттарына және аға-апаларының заттарына ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру қажет. Бір-біріне көмектесуге баулу.

Баланың дағдыларды саналы түрде қолдануына ерекше назар аудару керек (тісті тазалаудың, тамақтанғаннан кейін ауызды шаюдың және т.б. қажеттілігін түсіну); өзіне – өзі қызмет көрсету бойынша еңбек әрекеттерін ұқыпсыз орындаудың салдарын көрсету (аяқ киім тазаланбады – ол лас болып тұр, түймелерін дұрыс салмаған жағдайда киімнің бір жақ етегі ұзын немесе қықа болып тұруы және т. б.).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға күтім жасау (ЕББҚБ балалар).

ЕББҚБ балаларға күтім жасау бойынша әлеуметтік бала күтушілерге қойылатын талаптар:

- ЕББҚБ балаларға қажеттілігіне қарай киінуге және шешінуге көмектесу;
- ЕББҚБ балаларға олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тамақ ішуге жәрдемдесу;
- гигиеналық шараларды жүргізу кезінде ЕББҚБ балалардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларға көмек көрсету;
- ЕББҚБ балалардың толыққанды демалуын, күндізгі ұйқысын ұйымдастыру, ұйықтаған кезде оларды қарау;
- ЕББҚБ балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы ойындар кезінде оларды ертіп жүру;
- серуенде ЕББҚБ балалармен ілесіп жүру;
- ЕББҚБ балалардың ата-аналарын (занды өкілдерін, туыстарын) олардың көңіл-күйі туралы хабардар ету;
- үй-жайлардың, құрал-жабдықтардың, төсек-орын жабдықтары мен ойыншықтардың санитарлық-гигиеналық жағдайларын сақтау;
- дені сау балалардың ЕББҚБ балалармен өзара қарым-қатынасын бақылау, олардың оң қарым-қатынасын қолдау.

Балалар әрекетін ұйымдастыру.

Зияткерлік әрекет.

Зияткерлік ойындар балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға, бір әрекет түрінен екінші әрекет түріне ауысуға, өзгелерді тыңдау және есту, өзгелердің пікірлерін түсіну және қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Балалардың сөйлеуін дамыту үшін әлеуметтік бала күтушілерге қарапайым халық ертегілерін, халық ауыз әдебиетінің жеңіл шығармаларын, өлеңдерді оқу ұсынылады; баланы өлеңдер мен ертегілердің жеке сөздері мен сөз тіркестерін қайталауға ынталандыру; алған әсерлерін белсенді түрде жеткізу, шығарманың мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; кітаптарды өз бетінше қарауға, көркем шығармалардың кейіпкерлерін тануға үйрету.

Санау дағдылары, геометриялық пішіндер мен денелер туралы түсініктері, кеңістік пен уақытты бағдарлауы қалыптасатын ойындар өткізу.

Өлеңдерді жаттату, әндерді үйрету, қарындаштармен, бояулармен, борлармен және т. б. сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Ойын әрекеті.

Баланың барлық бос уақыты ойнаумен өтеді, оның жасына сәйкес ойындар өзгеріп, күрделене түседі. Баланың әрекетіне қимылды, үстел үсті және дидактикалық ойындарды енгізу керек.

Ерте жаста (1-3 жас) ойындар заттық-манипулятивтік сипатқа ие. Заттық ойын — бала әрекетінің жетекші түрі.

Кіші мектепке дейінгі жаста (2 жастан бастап) заттық ойындар орын алады, олар есте сақтау, ойлау, қабылдау және т. б. дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді.

Орта мектепке дейінгі жаста (3 жастан бастап) балалар ойын барысында топтарға бірігеді, рөлдік ойындар пайда болады.

Ересек мектепке дейінгі жаста (4 жастан бастап) ойын барысында еңбек және үйрену (оқу) сияқты әрекет түрлері көріне бастайды. Бұл жаста балаларды моральдық-этикалық нормаларға тәрбиелейді, олардың қарапайым еңбек дағдылары қалыптасады, практикалық ойлау және көркем-шығармашылық әрекеті дамиды.

Қимыл әрекеті.

Қимыл әрекеті - балалардың қимыл жасауға деген табиғи қажеттілігі, қимылдарды орындау баланың үйлесімді дамуының, денсаулық жағдайының маңызды шарты болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл белсенділігі олардың тәжірибесіне, қызығушылықтарына, қалауларына, ағзаның функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек. Сондықтан, баланың отбасына келген сайын әлеуметтік бала күтуші әртүрлі қимылды және баяу қимылды ойындарды ұйымдастырып, өткізуі керек. Ауа-райының жағдайларына байланысты бұл ойындарды таза ауада (далада) өткізу ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтушілер) қызметін енгізу көп балалы, толық емес отбасыларды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар отбасыларды қолдауға, отбасының тұрмысы мен қаржылық жағдайын жақсартуға, ата-аналардың жүктемесін азайтуға, аналардың өмір сүру сапасын арттыруға, мектеп жасына дейінгі балалары бар және бала күтімі бойынша демалыста жүрген әйелдерге жұмыс істеуге мүмкіндік беруге бағытталатын болады.

Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтушілер):

- бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы, мінсіз және әмбебап (жан-жақты) үлгілі тәрбиеші болуы және баламен табысты қарым-қатынас жасау үшін қажетті көптеген сапалардың өзінің бойында бар жеткілікті жоғары деңгейін көрсетіп, соған сәйкес болуға ұмтылуы;

- тәрбиеленушіні де, өзін де оң, шынайы бағалауға ұмтылуы;

- әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі тәлімгер және «жол көрсетуші» ретіндегі өз рөлін, бақылаушы әрекеттерді жадында ұстап, балалармен өзара әрекет ету кезінде қолайлы атмосфераны қолдауға дайын болуы, баланың жай-күйі мен мінез-құлқына қатысты сезімталдық, эмоционалдық құзыреттіліктің жеткілікті жоғары деңгейін меңгеруі тиіс.

Баланың эмоционалдық көңіл-күйінен басқа, онымен қарым-қатынас жасауда әлеуметтік бала күтушінің ерекше назары оның алғашқы қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қоғамдағы және отбасындағы әлеуметтік мінез-құлыққа байланысты сыртқы міндеттемелердің орындалуын бақылауға бөлінуі қажет.

Әлеуметтік бала күтуші баламен қарым-қатынас жасауда ең алдымен оның танымдық саласын дамытуға және қажеттіліктерін қанағаттандыруға ерекше назар аударуы тиіс.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
2. ҚР БҒМ 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 668 бұйрығымен бекітілген Ерте жастағы балаларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту бағдарламасы;
3. «Үй тәрбиешілері институтын (әлеуметтік бала күтуші) енгізу, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың штаттық кестесіне енгізу» әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан, 2020 жыл;
4. «Әлеуметтік күтуші» қысқа мерзімді білім беру бағдарламасы, Нұр-Сұлтан, 2021 жыл;
5. Минжанов Н.А., Ертысбаева Г.Н. Педагогические аспекты в подготовке социальных работников в Казахстане // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 4-5. – С. 983-986;
6. Социальное обслуживание населения: ценности, теория, практика: учеб. пособие / под ред. Л. В. Топчего. — М. : Изд-во Рос. гос. соц. ун-та, 2011.— 320 с.;
7. Статья Альтернативные формы поддержки успешной семьи: проект «Дневной мамы»/ З.Х. Саралиева, С.В. Соловьева;
8. Интернет ресурстарына сілтеме: <https://grizli.club/professii/sovety/nyanya-kto-etotakaya-chem-ona-zanimaetsya-chto-eto-za-professiya>

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Мамандыққа кіріспе	4
3	Мектеп жасына дейінгі балаларды қолдау бойынша үй тәрбиешілеріне (әлеуметтік бала күтушілер) ұсынымдар	5
4	Қорытынды	10
5	Қолданылған әдебиеттер тізімі	11

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Методические рекомендации для домашнего воспитателя (социальной няни)
по сопровождению детей дошкольного возраста – Нур-Султан, 2022. -33 стр.

Рецензенты:

Арзанбаева Б.О. к.п.н.;
А.Ж. Нуркабылова заведующая;
А. Б. Мажитова методист.

Методические рекомендации для домашнего воспитателя (социальной няни)
по сопровождению детей дошкольного возраста разработаны для женщин в
возрасте от 18 лет до достижения пенсионного возраста, желающих работать в
качестве домашнего воспитателя (социальной няни).

Данные методические рекомендации предназначены методистам и
домашним воспитателям (социальным няням) дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-
методическим советом Института раннего развития детей МОН РК (протокол № 5
от 26 мая 2022 года).

Институт раннего развития детей, 2022 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

В сложившейся современной экономической ситуации в большинстве семей, имеющих детей дошкольного возраста, работают оба родителя. Чаще всего это связано с материальными проблемами семьи.

В такой ситуации реальным способом решения проблем семьи становится расширение круга значимых взрослых, выполняющих воспитательные функции. К числу которых, кроме бабушек и дедушек, а также педагогов дошкольных организаций, относятся домашние воспитатели на дому (социальные няни).

На сегодняшний день в стране запланировано введение института домашних воспитателей на дому (социальных нянь) по уходу и развитию неохваченных дошкольными организациями детей в домашних условиях.

Институт домашнего воспитателя на дому предоставит возможность родителю использовать услугу «социальной няни», которая не только позаботится об обычном распорядке дня ребенка, но и позанимается с ним, обеспечит досуг, позаботится о комфорте ребенка, его самочувствии и здоровье.

Домашний воспитатель на дому (социальная няня) – это профессия человека, в обязанности которого входит забота о детях дошкольного возраста в семьях, которые нуждаются в квалифицированной помощи по уходу за детьми.

Профессия «Социальная няня» будет размещена в штате дошкольной организации, с учетом потребности населения на получение услуги домашнего воспитателя на дому и будет направлена в семьи, заявившим о потребности в данной услуге.

Кратковременный присмотр за детьми позволит поддержать, родителей на определенный период времени, освободить для решения иных проблем (посещение поликлиники, магазина, аптеки и др.).

Сегодня современные родители (наниматели) предъявляют высокие требования к «социальной няне». Речь идет о профессиональной подготовке, состоянии психики, профессиональных навыках, личностных качествах домашнего воспитателя на дому.

Вместе с тем, социальная няня должна уметь работать с детьми разного возраста (в одной семье могут быть дети разных возрастов) и знать особенности детской психологии. Для работы с детьми разного возраста нужны необходимые навыки, в связи с этим социальные няни должны быть обучены и хорошо подготовлены.

Целью данных рекомендаций является оказание методической помощи домашним воспитателям (социальным няням) по сопровождению детей дошкольного возраста.

ВВЕДЕНИЕ В ПРОФЕССИЮ

Особенности профессии «Социальная няня» - оказание помощи малообеспеченным, многодетным, неполным семьям и семьям, воспитывающих детей с особыми образовательными потребностями по присмотру за детьми от дошкольного возраста. Уход за детьми – это необходимое условие для их роста и развития.

«Социальная няня» - профессия любого возраста, это могут быть женщины в возрасте от 18 до достижения пенсионного возраста, не имеющие уголовного правонарушения, а также прошедшие обязательный медицинский осмотр в порядке установленном законодательством Республики Казахстан. На одну социальную няню приходится от 1 до 5 обслуживаемых детей.

Основной обязанностью социальной няни является уход за детьми дошкольного возраста на дому, в семье в течении 4 часов в день. Она становится наставником ребенка: способствует его умственному, нравственному и физическому развитию, прививает социальные навыки.

Задача социальной няни - это, прежде всего, охрана безопасности ребенка, забота во время отсутствия родителей.

Социальные няни должны обладать такими качествами как: любовь к детям, профессиональная ответственность, честность, чистоплотность, аккуратность, быстрая реакция, вежливость, порядочность, терпение, спокойствие, самообладание, нежность, а также стрессоустойчивость.

Важным является умение быстро установить контакт с детьми и их семьей, а также поддержать их, занять в течение того времени, пока находится с ними.

Социальная няня должна проявлять доброжелательность, стремиться понравиться детям, родителям, быть ответственной и пунктуальной.

Чтобы стать «социальной няней» не обязательно иметь педагогическое образование, важным качеством является доброта, внимательность и открытая душа, которая заменяла бы маму. Однако, необходимо пройти курс обучения, после которого выдается сертификат. Услугами социальной няни могут воспользоваться мамы из многодетных, малообеспеченных, неполных семей, а также семей, где воспитываются дети с особыми образовательными потребностями.

Родителям в свою очередь стоит помнить, что социальная няня - это помощник семьи, а никакой-то там конкурент в борьбе за внимание ребенка.

Социальная няня должна уметь работать не только с детьми, но и с их родителями, семьей в целом, обеспечить максимально благоприятные условия для развития личности ребенка.

РЕКОМЕНДАЦИИ ДОМАШНЕМУ ВОСПИТАТЕЛЮ (СОЦИАЛЬНОЙ НЯНЕ) ПО СОПРОВОЖДЕНИЮ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Профессия «Социальная няня» будет размещена в штате дошкольной организации, которая в свою очередь будет направлять их в семьи, заявившим о потребности в данной услуге согласно договору. Максимальное время посещения одной семьи составляет 4 часа.

Пока родители отсутствуют, социальная няня может:

- играть с детьми;
- кормить их;
- водить на прогулку и т.д.

При этом она не должна ходить за продуктами, убираться дома, стирать вещи и выполнять другие функции обычного социального работника. Все, необходимое ей для кратковременного присмотра (детское питание и пр.), должно быть заранее приготовлено родителями.

Социальная няня всем своим видом должна выражать добрые намерения относительно ребенка. Ее волосы должны быть чистыми и причесанными, ногти – подстриженными, без яркого маникюра. Если социальная няня использует лак, предпочтение стоит отдавать нежным и теплым оттенкам.

Ее одежда не должна быть строгой. Тем не менее нельзя надевать на работу мини-юбку или открытую блузку. Рекомендуется брать с собой сменную одежду и легкую обувь, они создадут комфорт не только во время общения с ребенком, но и помогут создать домашнюю обстановку.

Макияж на лице не должен быть вызывающим. Не рекомендуется использовать яркую помаду и тени, рисовать длинные стрелки и т. п.

Призвание домашнего воспитателя на дому (социальной няни) – заботиться о ребенке, помочь ему вырасти достойным человеком.

Социальная няня должна ассоциироваться у ребенка со спокойствием и позитивом. Во время первой встречи ей не рекомендуется быть слишком активной. Ее задача – ненавязчиво познакомиться с ребенком, позволить ему почувствовать себя спокойно в компании нового друга. Для полноценного знакомства лучше всего пообщаться не только с ребенком, но и его мамой или папой, узнать о семейных ценностях, привычках, традициях. Словом, понаблюдать за семьей со стороны, стать ее маленькой частью.

Рекомендуется вести себя тихо и скромно, не делать резких движений и держать небольшую дистанцию, дети чувствительны и впечатлительны – первая встреча сыграет большую роль в формировании их доверия к социальной няне, чем все последующие.

Профессиональные качества домашнего воспитателя на дому (социальной няни):

- уверенность в своих действиях. Социальная няня должна вести себя уверенно, при общении с ребенком. Дети тонко чувствуют, когда взрослые

растерянны, ведут себя неуверенно. Тогда они начинают капризничать, а в худшем случае просто не идут на контакт;

- ответственность. Социальная няня должна полностью осознавать причастность к жизни своего подопечного. Его физическое, психическое и нравственное здоровье зависит от нее в той мере, сколько времени они проводят вместе. На время отсутствия родителей именно социальная няня является образцом для подражания и примером поведения для ребенка;

- терпение. Социальная няня должна сохранять самообладание, не повышать тон и не прибегать к насилию в случае, если ребенок разбаловался;

- находчивость. Необходимо быстро и эффективно реагировать, когда этого требуют обстоятельства, решить конфликт между детьми или успокоить плачущего ребенка во время прогулки;

- тактичность. Социальной няне не рекомендуется лезть в семейные дела.

И, конечно же, каждая социальная няня должна быть честной, порядочной и чистоплотной. Домашний воспитатель не может заменить ребенку маму, но способна полноценно выполнить эту функцию, если того требуют обстоятельства.

При работе с детьми дошкольного возраста социальная няня должна уметь:

- обеспечить охрану жизни и здоровья детей, осуществлять уход за ними в течение всего времени, пока он находится с детьми (одевает, раздевает, умывает, кормит, проводит прогулки и т.д.);

- находить общий язык с ребенком;

- знать особенности возрастной психологии;

- руководить детской деятельностью (игровая, двигательная и т.д.);

- соблюдать элементарные правила личной гигиены.

Как общаться с ребенком.

Отношения социальной няни и детей выстраиваются в каждом случае отдельно.

Социальной няне желательно заранее расспросить родителей о характере ребенка о том, что он любит, какие книжки читает, его любимые блюда и т.д., от чего он расстраивается, от чего радуется. Некоторые дети любят объятия, другие нет.

